

М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110-летию М.А. Гендельмана». - 2023.- Т. I, Ч. IV. – С. 230-232.

УДК: 639.111.6

«КӨКШЕТАУ» МҰТП ЖЕРСІНДІРІЛГЕН СҮТҚОРЕКТІЛЕРДІҢ САНЫНЫҢ ӨСУІН БАҚЫЛАУ

Арынова Р.А., доцент.

Сулейменова А.К., магистрант.

НАО «Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина», РК, Астана

Ғылыми зерттеулер «Көкшетау» МҰТП-де сүтқоректілерді жерсіндіру жұмыстарының нәтижелерін зерттеуге арналған. Зерттеулер нәтижесінде жерсіндірілген сүтқоректілердің санының өсу динамикасы, Ұлттық парктің территориясында таралуы, қоректенуі, қалыптасқан популяция құрылымы, морфо-физиологиялық ерекшеліктері бойынша мәліметтерді қосымша алып толықтырады. «Көкшетау» МҰТП бейімделген сүтқоректілер санының мониторингін, түрлердің қоршаған орта жағдайларына бейімделу процесі, сыртқы орта факторлардың әсер етуі қаралып, мекендейтін аборигенді фаунамен орныққан қарым-қатынасы анықталып, жерсіндірілген жануарлардың жергілікті экосистемаға бейімделу нәтижелерінің оң немесе теріс дамуы бағаланады, зерттелген мәліметтер аңшылықтанушы мамандар, жоғарғы оқу орындарында және т.б. қолданылады[1].

Зерттеу тәжірибесі «Көкшетау» Мемлекеттік Ұлттық Табиғи Парк Мемлекеттік Мекемесінде жүргізілді. Тәжірибе 2022 жылдың 22 тамызынан - 24 желтоқсан айлары аралығында өтті. Зерттеу тәжірибесі кезінде мен шаруашылықтағы жүргізілген биотехниялық шараларға және рейд шараларын қатысқан болатынымын.

Ұлттық парктің 5 филиалында (Айыртау, Арықбалық, Шалқар, Зеренді, Орманды бұлақ филиалдары): сауалнама алынды, 8 биотехниялық шара, 5 рейд шаралары, есепке алу жұмыстары жүзеге асырылды[2].

Жұмыстың ғылыми жаңалығы бойынша «Көкшетау» МҰТП-ның жерсіндірілуіне зерттелмеген сүтқоректілердің бейімделуге қабілеттілігін, көбею және даму қасиеттері зерттеледі.

Зерттеу жұмысының мақсаты және негізгі міндеттері бойынша «Көкшетау» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінде жерсіндірілген сүтқоректілердің биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін, қазіргі кезде табиғи парктің территориясында таралуын және жергілікті экосистемадағы алатын орынын анықтап, жерсіндірілген сүтқоректілерге арналған биотехниялық шаралар кешенін қалыптастырып, оған ғылыми негіздеме беруі зерттелді.

Зерттеу әдістері жалпы пайдаланатын әдістерінің тобынан алынған. Жалпы пайдаланылатын құжаттармен танысу, сауалнама әдісі, қоректенетін жерлерінде көзбен бақылап есепке алу әдісі, ондатра тұрақтарын визуалды санау және визуалды бинокль қолдану әдісі, қоректенетін жерлерінде көзбен бақылап есепке алу әдісі.

Есепке алу жұмыстарын жүргізу, жерсіндірілген сүтқоректілерге жергілікті климаттық жағдайларының әсерін құжаттар арқылы зерттеу, Ұлттық табиғи парктің территориясында таралу ерекшеліктерін зерттеу, сүтқоректілердің маусымдық қоректену ерекшеліктерін және азықтану белсенділігін салыстырмалы түрде зерттеу, популяциялық құрылымдарын есепке алу құжаттары арқылы анықтау, жерсінген сүтқоректілердің биологиялық ерекшеліктерін бастапқы алынған популяциялардың биологиясымен салыстырма ретінде экстерьерін фото, визуальді әдістерін қолдану арқылы анықтау, жерсіндірілген сүтқоректілерге арналған биотехниялық шараларға қосымша ұсыныстар жасау бойынша міндеттер қорытындалды [3].

«Көкшетау» МҰТП-е акклиматизацияланған сүтқоректілер: теңбіл бұғы, аскания бұғысы, тиін, ондатра:

- 1934-1949 ж.ж. Орталық және Солтүстік Қазақстан облыстарында 1525 тиін (телеутка түршесі) 50 ден 321 партиямен әкелініп жерсіндірілген.

- 2005 жылы Катон-Қарағай МҰТП-дан 13 дарақ теңбіл бұғы әкелініп жерсіндірілген.

- 1945-1966 жылдар аралығында 2184 ондатра Көкшетау облысының территориясына Курган ауданы Макушин районынан әкелінген ондатра жіберілген болатын.

- 1983 жылы аскания бұғысы Бурабай шаруашылығынан әкелініп жерсіндірілді.

- 2005 жылы марал 5 дарақ Катон-Қарағай МҰТП әкелінген.

- 1976 жылы Қырғызстан мен Балхаш өңірінен (Прибалхашье) қабан МҰТП территориясына жерсіндірілген.

Қорытындалар. 2017 жылдан бастап аңшылық тоқтатылу салдарынан, мазасыдық факторы жойылып, жерсіндірілген тұяқтылар саны қарқынды өсуде. Ауа-райының өзгерістері жерсіндірілген сүтқоректілерге оның ішінде тұяқтыларға айтарлық кері әсерін тигізбейді, алайда ондатраның мекен ету ортасына қауіп төндіруі мүмкін. Ауаның орташа жылдық температурасының көтерілуі әрбір 10 жыл сайын 0,32°C құрайды.

Ғылыми жұмыстардың қорытындыларына байланысты нәтижелер ұсынылды - сүтқоректілердің бейімделу не бейімделмеу қасиеттерін анықтау; зерттелген жұмыстар бойынша ұсыныстар жасау; «Көкшетау» МҰТП бейімделген сүтқоректілердің санының мониторингін анықтау [4].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. You Z.Q., Jiang Z., Li C.W. and Mallon D. Impacts of grassland fence on the behavior and habitat area of the critic call endangered Przewalski's gazelle around the Qinghai Lake. Chinese Science Bulletin, 58, 18, 2013. – P.2262-2268.

2. Olson K.A. Saiga Crossing Options: Guidelines and Recommendations to Mitigate Barrier Effects of Border Fencing and Railroad Corridors on Saiga Antelope in Kazakhstan. Report prepared for the Convention on Migratory Species, 2013. – P.133-145.

3. Olson K.A., Fuller T.K., Mueller T., Murray M.G., Nicolson C., Odonkhoo D., Bolortsetseg S. and Schaller G.B. Annual movements of Mongolian gazelles: Nomads in the Eastern Steppe. *Journal of Arid Environments*, 74, 2010. - P. 1435-1442.

4. Olson K. A., Larsen E.A., Mueller T., Leimgruber P., Fuller T.K., Schaller G.B., and Fagan W.F. Survival probabilities of adult Mongolian gazelles. *Journal of Wildlife Management*, 78, 2014. - P.35–41.